

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2019 жылғы «19» сәуірдегі  
№ 155 бұйрығына қосымша

## **«Diploma Supplement» ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАМА**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Diploma Supplement» толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдама (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдама) Diploma Supplement құрылымын және толтыру тәртібін анықтайды.

2. Diploma Supplement жоғары оқу орнының әрбір бітірушісіне автоматты түрде және ағылшын тілінде негізгі білім беру туралы құжатымен бірге ақысыз беріледі.

3. Diploma Supplement Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін (ЖБЕК) дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Аталған құжат «Еуропа аймағында (Лиссабон, 1997 жыл) жоғары білім беру саласындағы біліктіліктерді тану туралы конвенцияны ратификациялау» және Болон процесінің параметрлерін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Заңының аясында Қазақстан қабылдаған міндеттемелерді орындауға ықпал етеді.

2018 жылғы мамырда Парижде Болон процесіне қатысушы елдердің білім министрлерінің конференциясының аясында Diploma Supplement қайта қаралды (1-қосымша).

4. Diploma Supplement оқуын одан әрі жалғастыру және (немесе) жұмыспен қамту кезінде қазақстандық жоғары оқу орындарының бітірушілеріне алған біліктіліктерін тануға ықпал ету үшін беріледі.

5. Жоғары оқу орындары Diploma Supplement Үлгісінде белгіленген Ақпараттардың құрылымы мен жүйелілігі бойынша қолдануы тиіс.

6. Diploma Supplement арнайы қорғаныш (су тамғысы белгілерімен) дәрежелері бар қағазда толтырылуы тиіс.

### **2. Diploma Supplement құрылымы**

7. Diploma Supplement 8 бөлімнен тұрады:

- 1) біліктілік иесін сәйкестендіретін ақпарат;
- 2) біліктілікті сәйкестендіретін ақпарат;
- 3) біліктілік деңгейі және ұзақтығы туралы ақпарат;
- 4) бағдарлама және алынған нәтижелер туралы ақпарат;
- 5) біліктіліктің функциялары туралы ақпарат;
- 6) қосымша ақпарат;
- 7) қосымшаны сертификаттау;

8) жоғары білім берудің ұлттық жүйесі туралы ақпарат.

8. Diploma Supplement преамбуладан басталады: «Диплом қосымшасының мақсаты – халықаралық «ашықтық» және біліктіліктерді (дипломдар, сертификаттар және т.б.) әділ академиялық және кәсіби тануды жақсарту үшін жеткілікті тәуелсіз деректерді ұсыну. Зерттеуді орындаған және табысты аяқтаған, бастапқы біліктілікті алған осы қосымша ұсынылып отырған тұлғаға зерттеудің мәнін, деңгейін, мәнмәтінін, мазмұны мен мәртебесін сипаттауға арналған. Ол қандайда бір тану туралы баламалылық немесе ұсыныстар туралы бағалау пікірлерінен, бекітулерден еркін болады. Диплом қосымшасының бұл моделін Еуропалық комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО әзірлеген».

9. Преамбула мазмұны мен 8-тарау (Жоғары білім берудің ұлттық жүйесі туралы ақпарат) барлық жоғары оқу орындары үшін үлгілік болып табылады.

### **3. Diploma Supplement толтыру тәртібі**

10. «Біліктілік иесін сәйкестендіретін ақпарат» деген 1-бөлімде қатаң түрде жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тиісті ұяшықтарда бітірушінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы және жылы көрсетіледі.

1.4-кіші бөлімін толтыру кезінде (Студенттің сәйкестендіру номері немесе коды) білім алушының жеке сәйкестендіру номері (ЖСН) көрсетіледі.

11. «Біліктілік атауы» деген 2.1-кіші бөлімін толтыру кезінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес біліктілігі көрсетіледі.

2.2-кіші бөлімін толтыру кезінде (Біліктілік үшін оқытудың негізгі бағыт(тар)ы) білім беру бағдарламаларының толық атауы көрсетілуі қажет.

«Даярлап шығаратын мекеменің атауы және мәртебесі» деген 2.3-кіші бөлімінде бітіруші оқуын аяқтайтын жоғары оқу орнының толық атауы мен мәртебесі мемлекеттік және ағылшын тілдерінде көрсетіледі. Сонымен қатар институционалдық аккредиттеудің болуы және аккредиттеу органының мәртебесі (EQAR және/немесе ENQA мүшелік) көрсетіледі.

2.4-кіші бөлімінде (Зерттеуді басқаратын мекеменің атауы және мәртебесі (егер 2.3-тармақтан айырмашылығы болса)) мынадай тәртіппен толтырылады: жоғары оқу орнының толық атауы мен мәртебесі (мемлекеттік және ағылшын тілдерінде), сонымен қатар бітіруші оқытудың барлық академиялық кезеңінде білім алған оқу жылы көрсетіледі (егер бітіруші тек бір ЖОО-да оқыса, онда 2.3-т. көрсетеді). Сонымен қатар институционалдық аккредиттеудің болуы және аккредиттеу органының мәртебесі (EQAR және/немесе ENQA мүшелік) көрсетіледі.

2.5-кіші бөлімінде (Оқыту/емтихан тіл(дер)і) біліктілік ресми алынған тілді (тілдер) көрсетіледі.

12. 3.1-кіші бөлімінде (Біліктілік деңгейі) біліктілік деңгейі және оның Ұлттық біліктілік шеңберіндегі орны көрсетіледі: бакалавриат үшін – ҰБШ 6 деңгейі/ ЕБШ 6 деңгейі; магистратура үшін - ҰБШ 7 деңгейі/ ЕБШ 7 деңгейі.

3.2-кіші бөлімінде (Кредит және/немесе жылдар бойынша бағдарламаның ресми ұзақтығы) ECTS жалпы жүктемесі көрсетіледі.

3.3-кіші бөлімін толтыру кезінде (Қол жетімділікке қойылатын талап(тар)ы) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес алдыңғы білім беру деңгейі көрсетіледі: бакалавриат үшін - жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, немесе орта білімнен кейінгі білім беру; магистратура үшін - жоғары білім беру (бакалавр дәрежесі).

13. 4.1-кіші бөлімін толтыру кезінде (Оқыту формасы) «Білім туралы» ҚР Заңының 35 және 36-баптарына сәйкес оқыту формасын көрсету қажет.

4.2-кіші бөлімінде (Бағдарламаның оқыту нәтижелері) біліктілікпен байланысты негізгі оқыту нәтижелерін (8-12) көрсетіледі.

Бағдарлама, алынған жеке кредиттері, бағалары/балдары туралы мәлімет туралы 4.3-кіші бөлімін толтыру кезінде Диплом қосымшасына (транскрипт) сілтеме жасалады.

4.4-кіші бөлімінің ақпараты (Бағалау жүйесі және, бар болған жағдайда, балдарды бөлу кестесі) 1-қосымшадағы үлгіге сәйкес толтырылады. Осыған сәйкес 1,2,3,6-бағандардың ақпараты барлық жоғары оқу орындары үшін үлгілік болып табылады. Кестенің 4 және 5-бағандарында аталған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын ЖОО-ның барлық бітірушілерінің саны; бітірушілердің жалпы санынан әрбір бағалаудың % көрсету қажет (мысалы: барлығы 50 бітіруші, «А» бағасын 5 адам алды, бұл 10% құрайды).

4.5-кіші бөлім (Біліктілікті жалпы жіктеуі) мемлекеттік және ағылшын тілдерінде) егер бітірушіге үздік диплом берілген жағдайда толтырылады.

14. 5.1-кіші бөлімін толтыру кезінде (Одан әрі білім алуға қол жетімділік) одан әрі академиялық және/немесе кәсіби зерттеулерге қол жетімділік көрсетіледі: бакалавриат үшін - бітіруші оқуын магистратурада жалғастыруы мүмкін; магистратура үшін - бітіруші оқуын докторантурада жалғастыруы мүмкін.

5.2-кіші бөлімде (Реттелетін кәсіптерге қол жетімділік (егер қолданылатын болса) «Қолданылмайды» көрсетіледі.

15. 6.1-кіші бөлім мынадай ақпараттарды көрсете отырып, толтырылады:

- мамандандырылған аккредиттеудің болуы/кезеңі және аккредиттеу органының мәртебесі (EQAR және/немесе ENQA мүшелік);

- елі/ ұйымның атауы/ тағылымдамадан өту кезеңі туралы/академиялық ұтқырылық (егер қарастырылған болса);

- диплом номері (бакалавриат үшін: сериясы (ЖБ-Б № .....), «\_\_» \_\_\_\_\_, магистратура үшін: сериясы (ЖООК-М № ..., «\_\_» \_\_\_\_\_).

6.2-кіші бөлімінде (Ақпараттардың қосымша дереккөздері) жоғары оқу орнының ресми сайты көрсетіледі.

16. «Қосымшаны сертификаттау» деген 7-бөлімде тиісті ұяшықтарда Diploma Supplement берген күні; аты және тегі; Diploma Supplement растайтын лауазымды тұлғаның қолы (ректор немесе жетекшілік ететін проректор); растаушы лауазымды тұлғаның ресми лауазымы көрсетіледі.

7.4-кіші бөлімде лауазымды тұлғаның қолы жоғары оқу орнының ресми (елтаңбалық) мөрімен расталады.

17. 8-бөлімде үлгіге сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық жүйесі туралы ақпарат келтіріледі.

## Диплом қосымшасының (Diploma Supplement) үлгісі (Париж коммюникесі -2018)

<b>1. БІЛІКТІЛІК ИЕСІН СӘЙКЕСТЕНДІРЕТІН АҚПАРАТ</b>	
1.1 Тегі	1.2 Аты
1.3 Туған күні (күні/айы/жылы)	1.4 Студенттің сәйкестендіру номері немесе коды (бар болған жағдайда)
<b>2. БІЛІКТІЛІКТІ СӘЙКЕСТЕНДІРЕТІН АҚПАРАТ</b>	
2.1 Біліктілік атауы және (егер қолданылатын болса) атауы (ана тілінде)	2.2 Біліктілік үшін оқытудың негізгі бағыт(тар)ы
2.3 Даярлап шығаратын мекеменің атауы және мәртебесі (ана тілінде)	
2.4 Зерттеуді басқаратын мекеменің атауы және мәртебесі (ана тілінде) (2.3-тармақтан айырмашылығы болса)	2.5 Оқыту/емтихан тіл(дер)і
<b>3. БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ҰЗАҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	
3.1 Біліктілік деңгейі	3.2 Кредит және/немесе жылдар бойынша бағдарламаның ресми ұзақтығы
3.3 Қол жетімділікке қойылатын талаптар	
<b>4. БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	
4.1 Оқыту формасы	4.2 Бағдарламаның оқыту нәтижелері
4.3 Бағдарлама шеңберінде алынған кредиттері, бағалары/балдары туралы мәлімет	
4.4 Бағалау жүйесі және, бар болған жағдайда, балдарды бөлу кестесі	4.5 Біліктілікті жалпы жіктеу (ана тілінде)
<b>5. БІЛІКТІЛІКТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	
5.1 Білімді жалғастырудағы мүмкіндіктер	5.2 Реттелетін кәсіптерге қолжетімділік (егер қолданылатын болса)
<b>6. ҚОСЫМША АҚПАРАТ</b>	
6.1 Қосымша ақпарат	6.2 Ақпараттардың басқа дереккөздері
<b>7. ҚОСЫМШАНЫ СЕРТИФИКАТТАУ</b>	
7.1 Күні	7.2 Қолы
7.3 Мәртебесі	7.4 Ресми мөрі мен мөртаңбасы
<b>8. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	

## Диплом қосымшасын (Diploma Supplement) толтыру үлгісі



Бұл орынға ЖОО логотипін орналастыру қажет

Диплом қосымшасының мақсаты – халықаралық «ашықтық» және біліктіліктерді (дипломдар, сертификаттар және т.б.) әділ академиялық және кәсіби тануды жақсарту үшін жеткілікті тәуелсіз деректерді ұсыну. Зерттеуді орындаған және табысты аяқтаған, бастапқы біліктілікті алған осы қосымша ұсынылып отырған тұлғаға зерттеудің мәнін, деңгейін, мәнмәтінін, мазмұны мен мәртебесін сипаттауға арналған. Ол қандайда бір тану туралы баламалылық немесе ұсыныстар туралы бағалау пікірлерінен, бекітулерден еркін болады. Диплом қосымшасының бұл моделін Еуропалық комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО әзірлеген.

### 1. БІЛІКТІЛІК ИЕСІН СӘЙКЕСТЕНДІРЕТІН АҚПАРАТ

1.1. Тегі	1.2. Аты
Боранбаева	Жанар
1.3. Туған күні (күні/айы/жылы)	1.4. Студенттің сәйкестендіру номері немесе коды (бар болған жағдайда)
04 10 1988	881004320156

### 2. БІЛІКТІЛІКТІ СӘЙКЕСТЕНДІРЕТІН АҚПАРАТ

2.1. Біліктілік атауы (егер қолданылатын болса) және атауы (ана тілінде )	2.2. Біліктілік үшін оқытудың негізгі бағыт(тар)ы
Экономика және бизнес бакалавры	Экономика
2.3. Даярлап шығаратын мекеменің атауы және мәртебесі (ана тілінде)	
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігімен (IAAR) аккредиттелген, ( <a href="https://iaar.kz/">https://iaar.kz/</a> ). 2017жылғы 20 маусымнан бастап IAAR Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің еуропалық тізіліміне (EQAR) енеді, 28/02/2022ж. дейін жарамды	
2.4. Зерттеуді басқаратын мекеменің атауы және мәртебесі (ана тілінде), (2.3-тармақтан айырмашылығы болса)	2.5. Оқыту / емтихан тіл(дер)і
2.3-тармақты қараңыз	Қазақ

### 3. БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІ МЕН ҰЗАҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3.1. Біліктілік деңгейі	3.2. Кредит және/немесе жылдар бойынша бағдарламаның ресми ұзақтығы
Бакалавриат (ҰБШ 6 деңгейі/ ЕБШ 6 деңгейі)	240 ECTS
3.3. Қол жетімділікке қойылатын талап(тар)ы	
Бакалавриат үшін: жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік орта, немесе орта білімнен кейінгі білім	

### 4. БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

4.1. Оқыту формасы	4.2. Бағдарламаның оқыту нәтижелері
Күндізгі	
4.3. Бағдарлама, алынған жеке кредиттері, бағалары/балдары туралы мәлімет	

4.4. Бағалау жүйесі және, бар болған жағдайда, балдарды бөлу кестесі						4.5. Біліктілікті жалпы жіктеу (ана тілінде)																																																																													
<table border="1"> <thead> <tr> <th>Әріптік жүйе бойынша бағалау</th> <th>Цифрлық эквивалент</th> <th>Балл (%-дық мазмұн)</th> <th>Бітірушілер саны</th> <th>Бітірушілердің жалпы санынан әрбір бағаның %</th> <th>Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>A</td> <td>4,0</td> <td>95-100</td> <td>1</td> <td>4</td> <td rowspan="2">Өте жақсы</td> </tr> <tr> <td>A-</td> <td>3,67</td> <td>90-94</td> <td>3</td> <td>12</td> </tr> <tr> <td>B+</td> <td>3,33</td> <td>85-89</td> <td>2</td> <td>8</td> <td rowspan="3">Жақсы</td> </tr> <tr> <td>B</td> <td>3,0</td> <td>80-84</td> <td>5</td> <td>20</td> </tr> <tr> <td>B-</td> <td>2,67</td> <td>75-79</td> <td>7</td> <td>28</td> </tr> <tr> <td>C+</td> <td>2,33</td> <td>70-74</td> <td>2</td> <td>8</td> <td rowspan="3">Қанағаттанарлық</td> </tr> <tr> <td>C</td> <td>2,0</td> <td>65-69</td> <td>3</td> <td>12</td> </tr> <tr> <td>C-</td> <td>1,67</td> <td>60-64</td> <td>1</td> <td>4</td> </tr> <tr> <td>D+</td> <td>1,33</td> <td>55-59</td> <td>1</td> <td>4</td> <td rowspan="3">Қанағаттанарлықсыз</td> </tr> <tr> <td>D-</td> <td>1,0</td> <td>50-54</td> <td>-</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>FX</td> <td>0,5</td> <td>25-49</td> <td>-</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>F</td> <td>0</td> <td>0-24</td> <td>-</td> <td>-</td> <td></td> </tr> <tr> <td colspan="3"></td> <td>25</td> <td>100</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>						Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық эквивалент	Балл (%-дық мазмұн)	Бітірушілер саны	Бітірушілердің жалпы санынан әрбір бағаның %	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	A	4,0	95-100	1	4	Өте жақсы	A-	3,67	90-94	3	12	B+	3,33	85-89	2	8	Жақсы	B	3,0	80-84	5	20	B-	2,67	75-79	7	28	C+	2,33	70-74	2	8	Қанағаттанарлық	C	2,0	65-69	3	12	C-	1,67	60-64	1	4	D+	1,33	55-59	1	4	Қанағаттанарлықсыз	D-	1,0	50-54	-	-	FX	0,5	25-49	-	-	F	0	0-24	-	-					25	100		Үздік
Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық эквивалент	Балл (%-дық мазмұн)	Бітірушілер саны	Бітірушілердің жалпы санынан әрбір бағаның %	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау																																																																														
A	4,0	95-100	1	4	Өте жақсы																																																																														
A-	3,67	90-94	3	12																																																																															
B+	3,33	85-89	2	8	Жақсы																																																																														
B	3,0	80-84	5	20																																																																															
B-	2,67	75-79	7	28																																																																															
C+	2,33	70-74	2	8	Қанағаттанарлық																																																																														
C	2,0	65-69	3	12																																																																															
C-	1,67	60-64	1	4																																																																															
D+	1,33	55-59	1	4	Қанағаттанарлықсыз																																																																														
D-	1,0	50-54	-	-																																																																															
FX	0,5	25-49	-	-																																																																															
F	0	0-24	-	-																																																																															
			25	100																																																																															

### 5. БІЛІКТІЛІКТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

5.1. Одан әрі білім алуға қол жетімділік	5.2. Реттелетін кәсіптерге қол жетімділік (егер қолданылатын болса)
Бітіруші оқуын магистратурада жалғастыруы мүмкін	Қолданылмайды

### 6. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

6.1. Қосымша ақпарат	6.2. Ақпараттардың басқа дереккөздері
<p>- Білім беру бағдарламасы ACQUIN агенттігімен аккредиттелген (05.02.2016 – 05.02.2021), 08/04/2009ж. бастап ACQUIN Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің еуропалық тізіліміне (EQAR) енеді, 30/06/2021ж. дейін жарамды</p> <p>- Италия, Милан политехникалық институты, академиялық ұтқырлық, 2018 ж. қыркүйек-желтоқсан</p> <p>- Диплом номері ЖБ-Б № 25614568 06/06/2018 ж.</p>	Қосымша ақпарат алу үшін <a href="http://www.enu.kz/">http://www.enu.kz/</a> веб-сайтына жүгініңіз

### 7. ҚОСЫМШАНЫ СЕРТИФИКАТТАУ

7.1. Күні	7.2. Қолы
06 маусым 2018	Ерлан Сыдықов
7.3. Мәртебесі	7.4. Ресми мөрі немесе мөртаңбасы
Ректор	

### 8. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

#### Жоғары білім беру

Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқу және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.

Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының негізгі түрлері болып табылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға "бакалавр" дәрежесі беріледі немесе "маман" біліктілігі беріледі.

### Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары білімі бар азаматтар алады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтің негізгі бейіні мен кадрлар даярлаудың бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың магистратурасында, резидентурасында және докторантурасында, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтар тізбесіне сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша жетекші шет елдердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға жіберу арқылы жүзеге асырылады.

*Кадрларды магистратурада даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында:*

- 1) кемінде екі жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік (120 ECTS);
- 2) кемінде бір жылдық оқыту мерзімімен бейіндік (60-90 ECTS) болып екі бағытта жүзеге асырылады.

*Кадрларды докторантурада даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында:*

- 1) кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік (180 ECTS);
- 2) кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен бейіндік(120 ECTS) болып екі бағытта жүзеге асырылады.

Әскери мамандықтар бойынша магистр дәрежесін алған немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін әскери, арнаулы оқу орындарының докторантурасында кемінде үш жыл даярлықтан өтеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтік білім беру резидентураны, магистратура мен докторантураны қамтиды.

Резидентурада мамандануына қарай оқыту ұзақтығы екі жылдан төрт жылға дейін клиникалық мамандықтар бойынша тереңдетіле даярлау жүзеге асырылады. Резидентурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде болады.

### Білім беру ұйымдарын аккредиттеу

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу ерікті түрде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдары ҚР Білім және ғылым министрлігі таныған аккредиттеу органдарынан институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізеді.

**Қазақстанның Ұлттық біліктілік шеңбері** Еуропалық біліктілік шеңбері мен білім беру деңгейлеріне сәйкес келетін біліктіліктің 8 деңгейінен тұрады. Ұсынылған сегіз деңгей оқыту нәтижелерінің формаларында сипатталған.

Еуропалық біліктілік шеңбері (ЕБШ)	Деңгейлер	Қазақстанның Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)	ЖБЕК Біліктіліктерді тұтастай қамту шеңбері (QF-EHEA)
ЕБШ 8	8. Докторантура	ҰБШ 8	3-цикл
ЕБШ 7	7. Магистратура	ҰБШ 7	2-цикл
ЕБШ 6	6. Жоғары білім беру. Бакалавриат	ҰБШ 6	1-цикл
ЕБШ 5	5. Орта білімнен кейінгі білім беру	ҰБШ 5	Қысқа цикл
ЕБШ 4	4. Техникалық және кәсіптік білім беру	ҰБШ 4	
ЕБШ 3	3. Жалпы орта білім беру	ҰБШ 3	
ЕБШ 2	2. Негізгі орта білім беру	ҰБШ 2	
ЕБШ 1	1. Бастауыш білім беру 0. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	ҰБШ 1	